



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

НАРЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙДАҒЫ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ, ЖІКТЕЛУІ МЕН БАҒАЛАНУЫ

Алдынгарова Даметер Тлеугабыловна

dt_aldyngarova@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Есеп, аудит және талдау кафедрасының студенті, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекші – э.ғ.к., доцент Б.А. Алибекова

Қандай шаруашылық салада өз қызметін атқарғанына қарамастан әрбір ұйым үшін экономикалық пайдасын арттыруда негізгі құралдардың орны ерекше. Негізгі құралдардың экономикалық мәнін түсіну үшін ең бірінші оның танылуы мен жіктелуін игеру қажет. Бұл мәселені ашып көрсету үшін негізгі құралдар ұғымына тоқталайық.

Бухгалтерлік есепте негізгі құралдар деп өндірістік үрдісінде ұзақ уақыт бойы, яғни бір жылдан (немесе бір операциялық кезеңнен) артық уақыт пайдаланылатын, өзінің бастапқы түрін, көлемін сақтай отырып, құнын шығарылған өнімге, орындалған жұмысқа, көрсетілген қызметке есептелген амортизациялық аударым мөлшері шегінде біртіндеп ауыстырып отыратын еңбек құралдарын, яғни материалдық активтерді айтады.

Негізгі құралдардың халықаралық және ұлттық стандарттар бойынша айқындалуын қарастырайық.

«Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар» 16 ХҚЕС сәйкес жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар мынадай материалдық активтерді білдіреді:

- тауарлар мен қызмет көрсетулерді өндіруде немесе жеткізуде пайдалануға, үшінші тұлғаларға жалға өткізуге, немесе әкімшілік мақсаттарға арналған; және

- бір кезеңнен астам уақыт ішінде пайдалануды көздейтін. [1]

Ұлттық қаржылық есеп беру стандарттарына сәйкес негізгі құралдар -

Берілген анықтамаларға сәйкес негізгі құралдарға құнын өсіру мақсаттарға арналған активтер де жатқызылуы тиіс.

Әрбір негізгі құрал бойынша оны пайдалы пайдалану мерзімі белгіленеді. Пайдалы пайдалану мерзімі дегеніміз – негізгі құралдарды пайдаланудың экономикалық пайдасын алуға болжанданатын кезең.

Пайдалы пайдалану мерзімі:

- ұйымның активті болжанған пайдалану уақыт мерзімі; немесе

- активті пайдаланудан ұйым алады деп болжанып отырған өндіріс бірлігінің немесе сол сияқты бірліктердің мөлшері. [1]

Сонымен, негізгі құралдардың пайдалы пайдалану мерзімі дегеніміз – актив кәсіпорында пайдаланылады деп күтілетін уақыт кезеңі не болмаса активтің көмегімен алынады деп болжанып отырған өнімнің немесе сол сияқты заттардың мөлшері. [3]

Негізгі құралдарға қандай материалдық активтер жататынын анықтау барысында отандық және ресейлік ғалымдардың еңбектеріне сүйендік. Зерттеу барысында келесідей сәйкессіздік анықталды: отандық Ә. Әбдіманапов, Қ.К. Кеулімжаев, Н.А. Құдайбергенов, С.Б. Баймұханова, Б.А. Алибекова еңбектеріне сәйкес, негізгі құралдарға жер учаскелері, үйлер, ғимараттар, көлік құралдары, жабдықтар, өткізгіш құралдар, аулау аспаптары,

бұл:

- тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өндіруде немесе жеткізуде пайдалану үшін, басқа адамдарға жалға беру, құнын өсіру немесе әкімшілік мақсаттар үшін субъект ұстап қалатын;

- бір кезеңнен астам уақыт ішінде пайдалану ұйғарылған материалдық активтер. [2]

шаруашылық құрал-жабдықтар, көпжылдық өсімдіктер, жұмыс және өнім малдары жатқызылды [4, 5, 6, 7]. Ал ресейлік М.А. Рябова, Н.А. Богданова мен отандық Ж.С.Толпаковтың жіктеуі бойынша негізгі құралдарға көпжылдық өсімдіктер, өнім және жұмыс малдары енгізілмеген [8, 9]. Бұның себебін анықтау үшін негізгі құралдар есебі жүргізілетін «Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар» 16 ХҚЕС пен ҰҚЕС құжаттарында негізгі құралдарға берілген анықтамаларды талдау қажет.

«Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар» 16 ХҚЕС-ке сәйкес негізгі құралдарға келесі материалдық активтер жатады: жер учаскелері; жер учаскелері және ғимараттар; машиналар; су кемелері; әуе кемелері; автокөлік құралдары; жиһаз және құрылғылар; және кеңсе жабдығы, қосалқы бөлшектер. Ал өнім және жұмыс малдары биологиялық активтер ретінде бөлек «Ауылшаруашылық» 41 ХҚЕС-те қарастырылған.

Сонымен қатар, босалқы бөлшектер немесе қызмет көрсету жабдығы сияқты босалқылар жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар анықтамасына сай келсе, негізгі құрал ретінде танылады. Басқа жағдайда босалқы бөлшектер болып танылады. [1] Осыған сәйкес отандық ғалым В.Л.Назарованың ХҚЕС-ке сүйене отырып, қосалқы бөлшектердің қай уақытта босалқы және қай уақытта негізгі құрал ретінде танылуын ашып көрсеткен болатын:

Қосалқы бөлшектер мен жөндеу құрал-жабдықтар әдетте қор ретінде танылады. Бірақ негізгі қосалқы бөлшектер мен резервті жабдық егер ұйым оларды бір кезең бойы қолдануды жоспарлаған жағдайда, негізгі құралдар объектілері ретінде танылуы тиіс. Сонымен қатар қосалқы бөлшектер және қосалқы жабдықтарды тек белгілі объектілер қолдануы мүмкін, олар әр кезеңде қолданылмайды, олар жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар объектісі ретінде саналады және қатысты активті пайдалы қолдану мерзімінен аспайтын, ағымдағы уақыт кезеңінде қолдануға дайын кезеңнен бастап амортизациялануы тиіс. [3]

«Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы N 393 Бұйрығы мен "Ұлттық қаржылық есептілік стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 50 Бұйрығы бойынша негізгі құралдар ретінде келесі материалдық активтер аталып өтті: жылжымайтын мүлік, ғимараттар, көлік құралдары, машиналар мен жабдық, мәдени мұра активтері, инфрақұрылым активтері, ересек жұмысқа жарамды мал, жануарлар мен көп жылдық өсімдіктер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде жылжымайтын және жылжитын мүлік деп айқындалған басқа да мүлік, оларды субъект тауарларды шығаруда немесе қызметтерді көрсетуде немесе беруде пайдалануға, басқа адамдарға жалға беруге немесе әкімшілік мақсаттарға ұстап қалатын, және бір операциялық кезеңнен астам уақыт ішінде пайдалану болжанатын активтер. [2, 10] Азаматтық Кодекске сәйкес жылжымайтын және жылжымалы мүлікке жатады:

1. Жер учаскелері, ғимараттар, құрылыстар, көпжылдық егпелер және жермен тығыз байланысты өзге мүлік, яғни орнынан олардың мақсатына сай емес шығынсыз ауыстыру мүмкін болмайтын объектілер жатады. Егер кондоминиум объектісінің құрамындағы пәтерлер және өзге де тұрғын үй-жайлар, сондай-ақ тұрғын емес үй-жайлар дара (бөлек) меншікте болса, олар дербес жылжымайтын мүлік объектілері (түрлері) болып танылады.

2. Мемлекеттік тіркеуге жататын әуе және теңіз кемелері, ішкі суда жүзу кемелері, «өзен-теңіз» жүзу кемелері, ғарыш объектілері, магистральдық құбырлардың желілік бөлігі де жылжымайтын заттарға теңестіріледі. Заңнамалық актілермен жылжымайтын заттарға өзге мүліктер де жатқызылуы мүмкін.

3. Ақша мен бағалы қағаздарды қоса алғанда, жылжымайтын затқа жатпайтын мүлік жылжымалы мүлік деп танылады. [11]

Сонымен, жоғарыда келтірілген анықтамаларға сәйкес негізгі құралдарға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде жылжымайтын және жылжитын мүлік деп айқындалған объектілер жатқызылады.

Зерттеу барысында негізгі құралдар келесідей топтарға жіктелетіні анықталды. (Кесте

1)

Кесте 1.Негізгі құралдарды топтарға жіктелуі

Заттық құрамы бойынша	Инвентарлық	Заттай нысанға ие және айырбастау мен заттай санауға болатын объектілер (ғимараттар, машиналар).
	Инвентарлық емес	Заттық нысаны жоқ шығындар (жер, орман, су, жер учаскелерін жоспарлау).
Өндіріске қатысу дәрежесіне қарай	Өндірістік	Өнімдерді өндіру мақсатында өндірісте пайдаланылатын негізгі құралдар
	Өндірістік емес	Өнім өндіру мақсатында емес, халыққа қызмет көрсету салалрында (білім беру, медицина, т.б.) қолданылатын негізгі құралдар.
Тиістілігіне қарай	Жеке меншіктегі	Субъектіге тиесілі және оның балансында көрініс табатын объектілер
	Жалданған	Жалдау шарты бойынша белгіленген мерзімге басқа субъектілерден алынған негізгі құралдар
Шаруашылық салаларына қарай	Ауылшаруашылық, инфрақұрылым, өнеркәсіп, құрылыс, көлік орман, сауда, т.б.	Шаруашылық салаларына байланысты анықталған негізгі құралдар
Қолданылу дәрежесіне қарай	Қолданыстағы	Пайдалану сатысындағы негізгі құралдар
	Қолданылмаған	Белгілі бір себептерге байланысты қолданылмай тұрған негізгі құралдар
	Қордағы	Қолданылып жүрген негізгі құралдарды болашақта алмастыру үшін қорда тұрған негізгі құралдар
Қызметінің ерекшелігіне қарай	Жер	кәсіпорында пайдаланылатын барлық жер
	Өндірістік ғимараттар мен құрылғылар	мұнай қоймалары, автомобиль гараждары, т.с.с.
	Машиналар мен жабдықтар, өткізгіш тетіктер	тракторлар, электр двигательдері, мал фермасының жабдықтары, электр жүйелері, телефон және радио жүйелері т.б.
	Көлік құралдары	кеме, қайық, катерлер, ұшақтар, автокөліктердің барлық түрлері, авто-прицептер матоциклдер, арба және шаналар т.б.
	Басқадай негізгі құралдар	құрал-саймандар, шаруашылық құрал-жабдықтар, өндірістік құрал-жабдықтар т.б.

Айта кететін мәселе, көлеміне немесе бағасына қарамастан пайдалану мерзімі бір жылдан аспайтын өндіріс құралдары негізгі құралдар қатарына жатпайды. Сонымен қатар негізгі құралдардың құрамына кәсіпорынның қоймаларындағы дайын бұйымдар (тауарлар) болып саналатын жабдықтар мен машиналар, күрделі құрылыс құрамында есептелетін монтаждауды (құрастыруды, орналастыруды) қажет ететін, жасалып (салынып) біткен, бірақ әлі пайдалануға берілмей тұрған машиналар мен жабдықтар, сондай-ақ құрылыс-монтаж жұмысының өзіндік құнының құрамында қаралған үстеме шығындардың есебінен салынған титулдық тізімге кірмеген ғимараттар мен тетіктер, сонымен бірге жас малдар, яғни мал төлдері де жатпайды. [7]

Негізгі құралдар актив ретінде танылуы төменде келтірілген кестеде айқындалған. (Кесте 2)

Кесте 2.Негізгі құралдардың актив ретінде танылуы

«Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар» 16 ХҚЕС-ке сәйкес	ҰҚЕС-ке сәйкес
• осы активке байланысты болашақ экономикалық пайдалардың ұйымға келіп түсуі ықтимал болса; - және • осы объектінің өзіндік құнын сенімді түрде бағалау мүмкін болса. [1]	• осы активке байланысты болашақ экономикалық пайдалардың субъектіге келіп түсуі ықтимал болса; • активтің өзіндік құнын сенімді түрде бағалау мүмкін болса; • актив кейіннен қызметінің барысында сату үшін сатып алынбаса [2]
•	•

Берілген кестенің мәліметтеріне сәйкес ұлттық қаржылық есеп беру стандарттарында негізгі құралдардың актив ретінде танылу критерийлері толықтырылып жазылған.

Негізгі құралдардың есебін дұрыс ұйымдастыруда оларды бағалаудың маңызы зор болып табылады. Негізгі құралдар ең бірінші өзіндік (бастапқы) құнымен, амортизациялық құнымен, теңгерімдік (кейбір әдебиеттерде баланстық құн), әділ құнмен, жойылу құнымен бағаланады.

Бастапқы немесе өзіндік құнымен – активті немесе ғимаратты алуға сол сәтінде берілген, басқа өтелген әділ бағаның немесе төленген ақшалай қаражаттың немесе оның баламасының сомасы. [3]

Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар объектісінің өзіндік құны мыналарды қамтиды:

- импорттық бажды, сатып алуға шығатын өтелмейтін салықты қоса және сауда жеңілдіктері мен қайтаруларды шегеріп сатып алу бағасы.

- активті керек жерге жеткізуге және ұйым басшылығының ниетіне сәйкес оның жұмыс істеуін қамтамасыз ететін күйге келтіруге тікелей жатқызылған кез келген шығындар.

- жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар объектісін бөлшектеуге және жоюға және өздері тұратын учаскеде табиғат ресурстарын қалпына келтіруге шыққан шығындарды бастапқы бағалау, бұған қатысты міндетті, осы объектіні сатып алған кезде, не осы кезең ішінде босалқылар өндіруге байланысты емес мақсаттарда белгілі бір уақыт кезеңі бойы оны пайдалану нәтижесінде ұйым өз мойнына алады.[1]

Тікелей шығындарға жатқызу мысалдары мыналар болып табылады:

- жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар объектісін салуға немесе сатып алуға тікелей байланысты туындайтын, қызметкерлерге сыйақы төлеуге арналған шығындар (19 Қызметкерлерге берілетін сыйақылар ХҚЕС-ындағы (IAS) анықтамаға сәйкес);

- алаңды әзірлеуге арналған шығындар;

- жеткізуге және түсіруге арналған бастапқы шығындар;

- орнатуға және жөндеуге арналған шығындар;

- активті керек жеріне жеткізу және оны қажетті күйге келтіру (мысалы, жабдықты сынақтан өткізген кезде алынған үлгілер) процесінде жүргізілген, кез келген объектілерді сатудан алынған таза түсім шегерілгеннен кейін активтің тиісінше жұмыс істеуін тексеруге шыққан шығындар; және

- кәсіби қызмет көрсетулердің құны.

Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар объектісіне жұмсалатын шығындарға жатқызылмайтын шығындардың мысалдары мыналар болып табылады:

- жаңа құрылыс кешенін ашуға арналған шығындар;

- жаңа өнімді немесе қызмет көрсетулерді енгізуге арналған шығындар (жарнамаға және өнімді жылжытуға арналған шығындарды қоса);

жаңа орында немесе клиенттердің жаңа санатына шаруашылық қызметті жүргізуге арналған шығындар (қызметкерлерді даярлауға және оқытуға арналған шығындарды қоса);

- және
- кімшілік және басқа жалпы үстеме шығындар. [1]

Жойылу құны – шыққан шығынды тастап, пайдаланылған мерзім соңында субъект актив алатын деп үміттенетін таза сома немесе сынған қалдықтарыды қосалқы бөлшектерінің көзделетін бағасы.

Амортизациялық құн – жойылу құнын алып тастағандағы өзіндік құнның орнына есеп беруде көрсетілген басқа сома мен активтің өзіндік құны.

Теңгерімдік (Баланстық) құн – кез келген жинақталған амортизацияның және құнсызданудан жинақталған залал шегерілгеннен кейін актив танылатын сома.

Нақты ұйымға арналған айырықша құн - ұйымның болжамына сәйкес қандай да бір активті пайдалануға және оның пайдалы қызмет мерзімінің соңында шығып қалуына байланысты, не қандай да бір міндеттемені өтеуге байланысты пайда болатын ақшалай каражаттар тасқынының дисконтталған құны.

Әділ құн - жақсы хабардар, осындай мәміле жасағысы келетін және бір-біріне тәуелсіз тараптардың арасында мәміле жасаған кезде активті айырбастауға болатын сома. «Әділ құнды бағалау» 13-ХҚЕС-ы әділ құнға нарыққа қатысушылардың баға қойылатын күнде ұйымдастырылған нарықта іске асатын операция жағдайында активті сату барысында немесе міндеттемені тапсыруда төленгенде алынатын баға ретінде анықтама береді. [12]

Сонымен, негізгі құралдар дегеніміз ұйымның өнім өндіруде, қызмет көрсетуде, жұмыс атқаруда маңызы зор, ұйымға тікелей экономикалық пайда әкелмейтін, бір операциялық кезеңнен астам уақыт ішінде пайдаланылуға көзделіп отырған еңбек құралдары.

Падаланылған әдебиеттер тізімі

1. 16-шы Халықаралық Қаржылық Есептілік Стандарты (IFRS 16) «Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар»
2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 50 "Ұлттық қаржылық есептілік стандартын бекіту туралы" бұйрығы
3. Назарова В.Л. Шаруашылық жүргізуші субъектілеріндегі бухгалтерлік есеп: Оқулық/ Жалпы редакциясын басқарған Н.Қ.Мамыров.-Алматы: Экономика, 2012.-310 бет.
4. Әбдіманапов, Ә. Қаржылық есеп: оқулық / Әбдіғали Әбдіманапов.- Алматы, 2007.- 544б.
5. Баймұханова, С.Б. Қаржылық есеп: оқулық / С.Б. Баймұханова.- Алматы, 2007.- 296 б.
6. Алибекова, Б.А. Қаржылық есеп І: оқу құралы / Балшекер Ашықбайқызы Алибекова; ҚР Білім және ғылым министрлігі, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ.- Астана, 2010.- 105 б.
7. Кеулімжаев Қ.К. Құдайбергенов Н.А. Бухгалтерлік есеп теориясы және негіздері. Оқулық-Алматы: Экономика, 2006.-384 бет.
8. Рябова, М. А. Теория бухгалтерского учета : учебное пособие / М. А. Рябова, Н. А. Богданова. – Ульяновск : УлГТУ, 2009. – 158 с.
9. Толпаков Ж.С. Бухгалтерлік есеп: Оқулық.- Қарағанды, «Қарағанды полиграфиясы» АҚ 2009, 568б.
10. «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы N 393 Бұйрығы
11. Қазақстан Республикасының 27.12.1994 ж №269-ХІІІ Азаматтық кодексі
12. 13-ші Халықаралық Қаржылық Есептілік Стандарты (IFRS 13) «Әділ құнды бағалау»

УДК 336:947.8

КҮМӘНДІ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕКТЕР: ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ ЕСЕБІ